

Білім алушыларымыз жеңімпаз атанып, олимпиаданың Халықаралық кезеңіне жолдама алды!

2025 жылғы 15-16 наурызда Астана қаласындағы Назарбаев университетінің базасында робототехника бойынша 50 елде өткізілетін халықаралық олимпиаданың «Fibonacci Robot Olympiad Kazakhstan» республикалық іріктеу кезеңі өтті.

Жаратылыстану ғылымдары факультеті, физика кафедрасының студенттері Жалиш Самандар мен Сулейменов Алишер «VR Innovators» команда атауымен инновациялық жобалар бағыты бойынша жүлделі 1-орынға ие болды (жетекшісі Курбанбеков Б.А.). Сонымен қатар, «STEMForge» команда атауымен Тәттібек Мағжан мен Сулейменов Алишер (жетекшісі Раманкулов Ш.Ж.), «Yassawi NanoTECH» командасында Қалдар Берік пен Патчаханов Дияр (жетекшісі Курбанбеков Ш.Р.) 2-ші орындарды иеленсе, «Yassawi FuelCell Innovators» команда атауымен Абдужаппаров Шукур мен Қалдар Берік (жетекшісі Мұсахан Н.П.) 3-орын жүлделерін жеңіп алды.

Сондай-ақ, білім алушыларымыз 2025 жылдың сәуір айында Түркияның Анталья қаласында өтетін «Fibonacci International Robot» олимпиадасының Халықаралық кезеңіне жолдама алды!

Білім алушылардың «Fibonacci International Robot» олимпиадасындағы жетістіктеріне негіз болған университетімізде орындалып жатқан AP22787500 «Болашақ физика мұғалімдері үшін физикалық эксперименттерді (VR) виртуальды шындық технологиясы арқылы ұйымдастырудың әдістемесін дамыту», AP22784343 «Мектеп-Университет-Өнеркәсіп» серіктестігі жағдайында пәнаралық STEM білім беру моделінің сабақтастығын іске асыру», AP22787358 «Мақта тазалау машиналарының ара дискілері үшін нанокұрылымдық қорғаныш жабынды алудың тиімді технологияларын әзірлеу» гранттық жобалар заманауи білім беру ресурстарын, инновациялық технологияларды және тәжірибелік мүмкіндіктерді ұсыну арқылы жас таланттардың ғылыми-зерттеушілік және инженерлік дағдыларын дамытуға зор үлес қосады.

«Fibonacci International Robot» олимпиадасына командалар мен олардың жетекшілерінің қатысуына қолдау көрсеткені үшін университет басшылығына шынайы алғысымызды білдіреміз.